

Педагогика и психология

УДК 37.04

З.С. Амври

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: zarina_ammri@mail.ru

Медициналық колледж мекемесіндегі бірінші курс студенттерінің бейімделуі

Аннотация. *Баспаға ұсынылған мақалада бірінші курс студенттеріне колледж оқу орнына бейімделуде педагогикалық және психологиялық қолдау, бейімделу кезеңдері, себептері қарастырылған. Бейімделудің жалпы сипаты ашылған. Оқу орнына бейімделудің факторлары бойынша зерттеу жұмысының мәліметтерін көрсетілген. Мақала авторлары осы факторлардың жағымды және жағымсыз негіздерін зерттеп, атап көрсеткен. Бірінші курс студенттерінің колледж оқу орнына келіп оқуда психологиялық және әлеуметтік жағынан көретін қиыншылықтарын, олардың себеп-салдарын талдап, педагогикалық қолдаудың ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерін сипаттаған. Мақалада студенттер кәсіби оқу орнының талаптарына бірден үйрене алмайтындығы сипатталған. Үйлесімді жолдармен бейімделу шарттары қарастырылған. Педагогикалық қолдау талаптарына авторлар оқу бағдарламасын жеке даму траекториясына байланысты жүзеге асыру жолдарын айқындап көрсеткен.*

Түйін сөздер: *бейімделу, бейімделудің факторлары, қолдау қағидалары, әлеуметтік бейімделу шарттары, мәселені зерттеу тәсілдері.*

Заманауи колледждегі маңызды мәселелердің бірі ағзаның оқу жүктемесіне ғана емес, студенттердің әлеуметтік-психологиялық ортасының кенеттен өзгеруі болып табылады.

Бейімделу – бұл динамикалық үдеріс. Оның арқасында қозғалмалы тірі ағзалар тіршілікке қажетті жағдайлардың өзгермелілігіне қарамастан даму мен ұрпақ жалғастырудың тұрақтылығын қолдайды. Әсіресе, ұзақ эволюция салдарынан жетілдірілген бейімделу адаптациясы үнемі өзгеріп тұратын ортада ағзаның тіршілік ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Орта кәсіби мекемедегі жастардың бейімделуі оқу қызметі жүйесінде өте маңызды құрамдас элемент болып табылады. Себебі, бейімделу өте динамикалық үдеріс. Оның табыстылығы объективті және субъективті жағдайлардың толық легіне байланысты болып келеді. Әр адам бір оқиғаға әр түрлі көз қараспен қарайды. Ал, бір ғана ынталандырма әр түрлі адамдарда, әр түрлі жауапты реакция тудырады. Сондықтан түрлі оқу орындарындағы студенттің бейімделу механизмі мен заңдылықтарын зерделеу қазіргі уақытта өте маңызды.

Бірінші курстық студенттердің колледж өміріне табысты бейімделуі олардың тұлға, маман ретінде дамуының кепілі болып табылады. Осы мәселенің нәтижелі шешімін табу үшін бірінші курс студенттерінің өмірге деген жоспары, қызығушылықтары, колледж түсу себептері, материалды қамтамасыздандырылуы, колледждегі бірінші айларда тап болатын қиындықтар, ең көп қызығушылық тудыратын пәндер, бос уақытын қалай өткізеді, өзіндік бағалауы мен өзін-өзі саналы ұстау қабілеті зерделенеді.

Топ кураторы мен колледждегі психологиялық қызметтің бірігіп жұмыс атқаруы өте маңызды сәттердің бірі болып табылады. Куратордың сұрауымен колледжде оқу жағдайларына, топтағы түрлі қарым-қатынастарды дамыту деңгейін бағалау, тұлғаның коммуникативті және ұйымдастырушылық икемдерін анықтау мақсатында психолог бірінші курс студенттерін психологиялық диагностикадан өткізеді. Диагностика қорытындысы бойынша және қажет болған жағдайда психолог жеке кеңестерді, эмоционалды қиындықтарды, күйзеліс жағдайларын жеңу жайлы әңгімелер жүргізіп, тұлғаралық қатынастарды жақсартуда көмек көрсетеді.

Осындай серіктестіктің нәтижесінде студенттердің өзгеше жағдайларға бейімделу мүмкіндіктері жақсара түседі.

Студенттердің табысты бейімделуін олардың келесі жайттарға қосылуы деп қарастыруға болады:

- Жаңа әлеуметтік ортаға;
- Оқыту-танымдық үдеріске;
- Жаңа қарым-қатынастар жүйесіне.

Колледжге оқуға түскен кешегі оқушылар – өз тағдырын шешу жолына жаңа түсті. Бірі білім алып, болшақта еңбек еткісі келген мамандығын саналы түрде таңдаса, кейбірінің өмірлік достары әлі анықтала қойған жоқ. Тұлғаның әлеуметтік ортаға енуінің жаңа жағдайларының өтуі қаншалықты өтсе, кәсіби дағдыларды алу қиындықтары да соншалықты деңгейде өтеді. Өзін-өзі тану әдістері мамандық шегінде ғана емес оның сыртында да табу қабілеттерінің қалыптасуы осыған байланысты.

Бейімделу үдерісінің ерекшелігі оқыту әдістерінің өзгешелігімен және оның орта мектепте, колледжде ұйымдастырылуымен анықталады. Ол өзіннің жағымсыз нәтиже – дидактикалық кедергі тудырады. Арнайы орта білім беру мекемелеріндегі бағдарламаны табысты меңгеру үшін бірінші курс студенттеріне түрлі дағды мен икемдер жетіспейді. Оның орнын шыдамдылықпен толтыру әрдайым табысқа әкеле қоймайды. Студенттің колледж өміріне үйренуі үшін талай уақыт өтеді. Кейбірі бұл мақсатқа жету үшін талай қиындықтан өтеді. Бірінші курстағы сабақ үлгерімінің төмендігі де осыған байланысты. Жаңа жағдайларға үйрену көп күшті талап етеді. Осыдан мектеп пен колледжде оқудың қызметі мен нәтижесінде елеулі ерекшеліктер пайда болады. Студенттердің бейімделуіндегі төмен екінің бір себебі оқыту әдістерін ұйымдастыру барысындағы оқытушы мен студенттің арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесуде келісімге келмегендік. Бейімделудің қиындығы – оқыту әдістерін ұйымдастыру барысында оқытушының тырысуымен мен студенттің тырысуын біріктіру қиындықтары.

Түрлі топтар мен ұжымдарда тұлғаның бейімделуін зерттеуге көп зерттеу жұмыстары арналған: М.Н.Будякина, А.А. Русалинова, А.М. Рацова, Н.А. Свиридов, Е.В. Таранов, А.И. Ходаков және т.б. әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі шетел психологиясында да кеңінен зерттеліп келеді: З. Фрейд, А. Адлер, Э.Эриксон, Г. Олпорт, Д. Роттер, К. Роджерс және т.б.

П. А. Просецкий бейімделуді жаңа қабылданған студенттердің жоғары мектеп жағдайларына белсенді, шығармашылықпен ыңғайлану деп сипаттайды. Осы үдеріс барысында олардың ойлау қызметінің дағдылары мен икемдерін, таңдалған мамандықты мойындау, тиімді ұжымдық және жеке еңбектің, демалыстың, тұрмыстың тәртібі, кәсіби өзіндік білім алу мен тұлғаның кәсіби маңызы бар қасиеттерін өзіндік тәрбиелену бойынша жұмыс жүйесі қалыптасады [1].

Заманауи психологиядағы бейімделу түсінігі тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнатудың нәтижесі мен үдерісі ретінде қарастырылған. А.А. Налчаджян Ж.Г. Сенокосованың көзқарасына сүйеніп: «бейімделудің болмысы – бейімделу субъектісін ортаның (бейімделу объектісі) талаптарына сай әкелу [2]. Тұрақтылықты бұзған жағдайда (субъектіні басқа ортаға апару, басқа жағдайлар немесе ортаны өзгерту) субъект пен объектінің жүйедегі келіспеушілік пайда болады. Ол атқарымдық бұзушылық пен тұтастықтың жойылуына әкеп соғады. Соның нәтижесінде жүйе (немесе оның жеке элементтері) бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіруге ұмтылғанда бейімделу жағдайы туындайды. Мұндай жағдай жаңа табиғи мен әлеуметтік ортаның өзара әрекеті кезінде пайда болатын келіспеушілікті шешетін мақсатты, белсенді үдеріс деп түсінетін адамның бейімделуінің барлық түріне сипатты».

А.В. Петровскийдің концепциясында бейімделу ерекше сәт ретінде қарастырылады. Ары қарай тұлғалық дамуындағы мінезі маңызды деңгейде тәуелді болатын адамның қалыптасу фазасы.

Бірінші курс студенттерінің колледжде оқу жағдайларына бейімделуінің үш формасы бар:

1. Формалды бейімделу, студенттердің арнайы орта білім беру мекемесінің құрылымына, мұнда оқуға, өзінің міндеттеріне қойылатын талаптарға, жаңа ортаға танымдық-ақпараттық ыңғайлануға ғана қатысты.

2. Қоғамдық бейімделу, бірінші курс студенттері топтарының (бірлестіктерінің) ішкі бірігуі үдерісі бар және осы топтардың жалпы студенттік қоршаған ортамен бірігуі үдерісі бар.

3. Дидактикалық бейімделу, студенттердің колледждегі оқу жұмысының жаңа формалары мен әдістеріне дайындығына қатысты [2].

Өкінішке орай, әр студентте, әр топта бұл кезеңдер табысты өте қоймайды. Нәтижесінде, бірінші курс студенттерінде бейімделудегі қиындықтар пайда болады. Бейімделудегі күйзеліс – бейімделу үдерісінің кезеңі. Оның уақыт шегінде студенттердің бейімделу көрсеткіштері кенеттен төмендеп, қойылған талаптарға ақылға қонымсыз әрекеттесу, өзінің нәтижесіздігі туралы түсінікпен жанасады. бұл жағдайдан тұлғаның түрлі деңгейіндегі психологиялық механизмдердің атқарымдылығы үшін қолайлы жағдай жасау арқылы шығуға болады.

Бейімделу мерзімі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Бейімделу аптасы: мақсату-танысу, оқу үдерісінің басталуына еркін бағытталу мүмкіндігі үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету және бірінші байланыстан пайда болған есепті шешу.

2. Қарқынды бейімделу мезгілі (үйрену)(қыркүйек-желтоқсан): мақсаты – өзара әрекеттестікті жақсартудағы көмек пен диагностика.

3. Түзету жұмыстарының және топтар мен жеке студенттерді психологиялық көмектің ілесуі.

Бейімделудің бірінші аптасындағы әрбір күн маңызды. Сондықтан осы күндері «Колледж – менің есеюімнің бірінші сатысы», «Мен және менің мамандығым», «Мен және менің тобым», «Мен студентпін» тақырыптарына сынып сағаттары өткізіледі. Бірінші курс студенттері колледждің салт-дәстүрлерімен, оқытушыларымен, студенттермен, өздерінің тобы мен кураторларымен танысу мүмкіндігін алады. Бейімделу мерзімінде студенттер тапсырмаларды орындай отыра, өздігімен білім алу қабілеттерін тексереді, тұлғаның кәсіби қалыптасуындағы оқытылатын пәндердің рөлі туралы пікірталастарға қатысады. Өздерінің қызығушылықтарын және шығармашылық потенциалдарын анықтайды.

Бірінші курс студенттері өздерінің болашақ мамандықтарына, колледжде оқуларына, тапсырмаларға, қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтарға, спорт секцияларына әр түрлі көзқараспен

қарайды. Сондықтан студенттерді бейімдеу бағдарламасын іске асыру барысында студенттердің оқу қызметіне деген уәждемелерді көкейкесті етіп қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқу қызметін саналы орындаудағы психологиялық дайындық: студенттерді болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру бойынша ой еңбегінің ғылыми ұйымдастырылу негіздері білімімен қаруландыру.

Бейімделу үдерісінде қиындатылған бейімделу кезеңі орын алуы мүмкін. Ол сыртқы және ішкі қиындықтардың үйлесуімен сипатталады. Олар тұрақты мінезге айналып, бейімсізденуге айналуы мүмкін. Қиындатылған бейімделу кезеңінде өзгерген әлеуметтік жағдай мен қажеттіліктің, ұмтылыстың, студенттің құндылық бағдарларының, студенттің ішкі жағдайы мен ортаның сыртқы жағдайының, оларды женудің объективті пайда болатын қиындықтары мен жеткіліксіз субъективті мүмкіндіктер арасында келіспеушілік пайда болады.

Студенттердің бейімделу қиындықтарын жеңу талдамасы, оның келесі деңгейлерін атап өтуге мүмкіндік береді: ашық және жабық. Жабық мінезді қиындатылған бейімделуі бар студенттерде үрейдің жоғары немесе өте жоғары деңгейі байқалады (оқу мен қарым-қатынастың жақсы болғанына қарамастан), жабық тұлғалар жажалды болып келеді. Жоғары талаптар мен өзіне деген қатты сенімсіздік арасындағы келіспеушілік үнемі қанағатсыздық пен кернеушілік сезімін тудыра отыра, қызметтерінің нәтижелерін дұрыс бағалауға бөгет жасайды. Ашық мінезді қиындатылған бейімделуі бар студенттерде үрей оқу қызметіндегі, қарым-қатынастағы, жүріс-тұрыстағы шынайы қиыншылықтармен байланысты.

Қыркүйектің бірінші апталарында бейімделудің диагностикалық, рефлексстік, болжамдық, ғылыми-әдістемелік міндеттерінің жүзеге асуы қамтамасыз етіледі. Олардың мазмұны қажеттілікпен мәжбүрленеді.

- топ кураторларының бірінші курс студенттерінің тұлғалық ерекшеліктерін зерделеу;
- студенттерде оқу кезеңіндегі қиындықтарды жеңуге деген дайындығын қалыптастыру;
- студенттердің дидактикалық бейімделуіндегі эмоционалды күйзелісті, оқытушылармен қарым-қатынастағы шиеленісті жеңілдету үшін тренинг элементі бар ойын-сауық қызметін ұйымдастыру;
- бейімделу үдерісі мен нәтижесін болжамдау.

Бейімделу үдерісінің осы кезеңіндегі бейімдеу құралдарын жүзеге асырудың нәтижесі ретінде қарастырылады:

- бірінші жыл оқып жүрген студенттердің «қауіп-қатер» тобын анықтау, олардың бейімделуінде терең және ұзақ күйзелістер болуы мүмкін;
- бірінші курс студенттерінің бейімделу мерзімі мәселесінің болмысын түсініп, оны қабылдау мінезін өзгерту;
- мәселелерді шешу мен алдын алудың әдістерін меңгеру;
- оқу қызметіне деген ынталандыруды дамыту;
- жасалған кәсіби таңдаудың дұрыс екенін түсіне.

Сауалнама қорытындысының негізінде бірінші курс студенттерінің бейімделуінің келесі қиындықтары анықталды:

- педагогтердің күнделікті бақылауының болмағандығынан жүріс-тұрысы мен әрекеттерін психологиялық өзіндік реттеуді жүзеге асыра алмау;
- жаңа жағдайда ұтымды еңбек пен демалыс тәртібін іздеу;
- өзіндік жұмыс дағдыларының болмауы, конспект жаза алмауы, қайнар көздермен, сөздіктермен, анықтамалармен жұмыс істей алмауы.

Осы қиындықтардың барлығы шығу тегі бойынша әр түрлі. Бірінің объективті сипатта болса, басқалары – субъективті сипатты және дайындықтың жеткіліксіздігімен және тәрбиенің кемшіліктерімен байланысты.

Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі – дамудың кәсіби қызмет субъектісі ретінде шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың бірінші кезеңі. Студенттердің нәтижесі – біздің нәтижеміз. Колледжде мамандық алу үшін келіп, түрлі пәндерді зерделей отыра, біздің студенттер, нақты пәндер бойынша білім алыдан басқа маңызды – өзіне деген сенімділікті, дамыған ой-сана мен сөйлеуді, есте сақтауды, тіл тапқырлығын, жауапкершілікті, өздігімен білім алуға деген ұмтылысты бойына сіңірулері қажет. Сондықтан ұжымның студенттердің колледжде оқу жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделуі бойынша жұмысы арнайы әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Біздің ұжымымыз үшін әр студентке көңіл бөліп, өзін-өзі тану үшін жағдай жасау – үлкен әлеуметтік-психологиялық мәселе.

Студенттік өмір бірінші курстан басталады. Сондықтан бірінші курс студентінің колледждегі өмір мен оқуға табысты бейімделуі студенттің болашақ маман ретінде, адам ретінде ары қарай дамуының кепілі болып табылады. Жаңа оқу орнына түскенде жас баланың өзінің өмірдік ұстанымдары болады. Олар оқудың басталысымен өзгере бастайды. Жаңа орта, жаңа ұжым, жаңа талаптар, ата-анадан жырақта жүру, еркіндікті басқара алмауы, ақшаны жарата алмауы, коммуникативті мәселелер және тағы да басқалар психологиялық мәселелердің, оқуда, курстастарымен, оқытушылармен қарым-қатынастағы мәселелерге әкеп соғады.

Бейімделу керек:

Ең бірінші, мектептегі оқу үдерісінен ерекшеленетін оқу үдерісіне бейімделу керек. Оқытушы мен студент арасында мектеп пен колледждегі оқыту әдістерінің ерекшеліктері үшін кедергі туындауы мүмкін. Жаңа орта материалды мектепте меңгерудің әдістерін құнсыздандырады.

Екіншіден, жаңа ұжымға бейімделу керек. Өзінің «күн астындағы орнында кейде қандай да жолмен анықтап, курстастарының арасында абырой мен сыйға бөлену»:

- киіммен (әдеттен тыс);
- кездейсоқ жүріс-тұрыс («үлкен адамдарға»);
- батылдық «тіл алмау» және т.б.

Үшіншіден, өмірдің жаңа жағдайларына: сабақты, тұрмысты, бос уақытын өздігімен ұйымдастыру.

Төртіншіден, ата-аналармен жаңа қарым-қатынасқа бейімдеу керек. Себебі жасөспірім бірте-бірте еселе бастайды.

Студенттің бейімделуінде ата-аналардың қолдауы маңызды рөл атқарады. Ата-аналар өздерінің балаларын кішкентай қиындықтар мен реніштерден сақтайды. Олар тыңдап, қандайда бір жағдайдан шығу жолдарын айтатын ең бірінші дос, кеңесші болып табылады.

Студент әр уақытта куратордың, психолог маманның, директор орынбасарының көмегіне оқуда, қоғамдық, еңбек, мәдени және спорттық қызметтегі мәселелер бойынша, сонымен қатар, қандай да бір жан-жалды жағдай туындаған кезде немесе оны алдын алу кезінде жүгіне алады.

Бейімделу кезеңінің себептері:

- мектеп ұжымынан кеткені жайлы жағымсыз уайым;
- психологиялық дайындықтың жетіспеушілігінен туындаған мамандықты таңдаудағы екіұштылық;
- педагогтердің күнделікті бақылауы болмағандықтан жүріс-тұрысын өздігімен реттей алмауы;
- жаңа жағдайда еңбек пен демалыстық тиімді тәртібін іздеу;
- өздігімен жұмыс істеу дағдыларының болмауы, конспект жаза алмауы, кітаппен жұмыс істей алмауы;
- мектеп бағдарламасын әлсіз меңгергені;
- осы қиындықтар шығу тегі бойынша әр түрлі. Бірі объективті түрде шарасыз (жаңа ұжымды меңгеру, оқытушылармен қарым-қатынас), басқалары субъективті сипатта, мектеп пен отбасындағы тәрбиенің кемшіліктері.

Студенттердің қарым-қатынастарына, танысу мен табысты бейімделуіне осы кезеңде өткізілетін және дәстүрлі деп есептелетін іс-шаралар мүмкіндік береді. Ең алдымен, ол: «Денсаулық күні», «Ашық есіктер күні», «Бірінші курстықтардың күні». Бірінші курс студенттерінің өзіндік басқару күніне қатысуы.

Бірінші курс студенттерінің күшімен мұғалімдер күніне арналған мерекелік концертті ұйымдастыру – колледж дәстүрін сақтауға жатады.

Осы іс-шараларға немқұрайлы қарайтындар жоқ, барлығы өздерінің қабілеттерін көрсетіп жатады. Бірінші курс студенттерінің кәсіби бейімделуі үшін болашақ мамандықтарына арналған әңгімелесу сағаттары өткізіледі. Бірінші курс студенттері ғылыми-зерттеу қызметіне белсене қатысып, түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларда жүлдегер атанады.

Педагогикалық ұжымның барлық қызметі өзінің шығармашылық әлеуетін және жұмыстың түрлі формаларын пайдалана отырып, студенттердегі қасиеттерді дамытуға бағытталған. Тек қана өзара сыйластықтың негізінде студенттер табысқа ұмтылады. Оның қандай да бір табысы белгіленіп, абыройы сыйға ие болады. Осы кезде бейімделудің бірінші кезеңі ғана емес, барлық жалпы маманды дайындау үдерісі жағымды өтеді.

Студенттердің табысты бейімделуі үшін біздің колледжде психологиялық жайлы және материалды көмек атмосферасы орын алып, студенттердің құқықтары мен әлеуметтік қызығушылықтарын қорғау механизмы жасалған. «Колледж студенттерін шәкірақымен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік қолдау формаларының ережесі» табысты әрекет етеді. Қамқорлықтағы және қиын материалды жағдайдағы студенттерге ерекше көңіл бөлінеді.

Жалпы алғанда, қиын бейімделу кезеңіндегі колледждегі педагогикалық ұжымының жұмысы әр студентте жалпы адамзаттың құндылықты қалыптастыруға, әлеуметтік тапсырысты орындауға, қоғамда талап етілген тұлғаны тәрбиелеуге, ал ең бастысы – оқитудың бастапқы кезеңінде денсаулық сақтауға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Просецкий П.А. Психологические особенности адаптации студентов нового приёма к условиям обучения в вузе. – М.: 2009.

2 Налчаджян А.А. Социально-психологическая адаптация личности (формы, механизмы и стратегии) / А.А. Налчаджян. – Ереван: Изд-во АН Арм. ССР, 1988. – 263 с.

PEFERECES

1 Prosetskiy P.A. Psikhologicheskiye osobennosti adaptatsii studentov novogo priyoma k usloviyam obucheniya v vuze. – M.: 2009.

2 Nalchadzhyan A.A. Sotsial'no-psikhologicheskaya adaptatsiya lichnosti (formy, mekhanizmy i strategii) / A.A. Nalchadzhyan. – Yerevan: Izd-vo AN Arm. SSR, 1988. – 263 s.

РЕЗЮМЕ

З.С. Амри

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Адаптация первокурсников в учреждении медицинского колледжа

В статье рассматриваются проблемы психолого-педагогической поддержки студентов, этапы, причины первого курса в период их адаптации к обучению в колледже. В статье уточнены понятия психологической и педагогической поддержки, основные условия использования поддержки для успешной адаптации студентов-первокурсников, приведены некоторые методики по исследованию проблемы адаптации студентов. В статье рассмотрены возможности учета индивидуально-психологических особенностей студентов первого курса при их адаптации к условиям колледжа. В работе также даны характеристики ключевым понятиям адаптации студентов первого курса к получению профессионального образования с позиций психологической, педагогической и социальной поддержки. Так, к социальной позиции в поддержке студента первого курса отнесены следующие: приобретение иного статуса – студента, относительная свобода в выборе траектории обучения, расширение коммуникации и группового взаимодействия, нейтральная позиция преподавателей по отношению к студентам, образовательная среда и комфортность психологической атмосферы для успешной адаптации.

Ключевые слова: *адаптация, факторы адаптации, условия и принципы поддержки, условия социальной адаптации.*

RESUME

Z.S. Ammri

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Freshmen adaptation in a an institution of medical college

The article deals with the problems of psychological and pedagogical support of students, the stages, the reasons for the first course in the period of their adaptation to college education. In the article there are specified the notions of psychological and pedagogical support, basic conditions of using support for successful adaptation of freshmen, there are also given methods on research of problems of students' adaptation. The article deals with capabilities of taking into account individual psychological characteristics of freshmen in adaption to conditions of higher the college education institution. In the work there are also shown the characteristics of key concepts of freshmen adaptation for receiving professional education from the position of psychological, pedagogical and social support. Thus, the following notions are referred to the social position in freshmen support: obtaining a different status – a student status, relative freedom in choosing training trajectory, extension of communication and group interaction, a neutral position of teachers with respect to students, the educational environment and the comfort of psychological atmosphere for successful adaptation.

Keywords: *adaptation, adaptation factors, conditions and principles of support, conditions of social adaptation.*